

Баянауыл ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтар мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 наурыздағы № 122/16 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 11 наурызда № 7502-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 409 /42 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 19.12.2025 № 409/42 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабы 5-тармағына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Баянауыл ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезең алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 % - дан 2 % - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Баянауыл аудандық мәслихатының төрағасы

Р. Мукашев